



**Халықаралық ғылыми-практикалық конференцияның
баяндамалар жинағы
"ХАЛЫҚ ӨМІРІНІҢ ЖОҒАРЫ САПАСЫН ЖӘНЕ ҰЛТТЫҚ
ҚАУІПСІЗДІКТІ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУДЕГІ МЕМЛЕКЕТТІК
АУДИТ"**

**Сборник докладов Международной научно-практической
конференции
«ГОСУДАРСТВЕННЫЙ АУДИТ В ОБЕСПЕЧЕНИИ ВЫСОКОГО
КАЧЕСТВА ЖИЗНИ НАСЕЛЕНИЯ И НАЦИОНАЛЬНОЙ
БЕЗОПАСНОСТИ»**

**Collection of reports of the International Scientific and Practical
Conference
"STATE AUDIT IN ENSURING HIGH QUALITY OF LIFE OF THE
POPULATION AND NATIONAL SECURITY"**

8 апреля 2022 года

УДК 336.1
ББК 65.052а73
С 23

Г Сборник докладов международной научно- практической конференции «Государственный аудит в обеспечении высокого качества жизни населения и национальной безопасности» = Collection of reports of the International Scientific and Practical Conference "State audit in ensuring high quality of life of the population and national security"= Халықаралық ғылыми-практикалық конференцияның баяндамалар жинағы "Халық өмірінің жоғары сапасын және ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз етудегі мемлекеттік аудит". – Нұр-Сұлтан: - 277 б.

ISBN 978-601-337-664-6

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және профессор-оқытушылар құрамының халық өмірінің жоғары сапасын және ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету жағдайындағы мемлекеттік аудиттің өзекті мәселелері бойынша баяндамалары кірді

The collection includes reports of students, undergraduates, doctoral students and teaching staff on topical issues of state audit in conditions of ensuring a high quality of life of the population and national security

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и профессорско-преподавательского состава по актуальным вопросам государственного аудита в условиях обеспечения высокого качества жизни населения и национальной безопасности

ISBN 978-601-337-664-6

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2022

Респ. Беларусь 03.01.2019 № 2 (в ред. постановления М-ва по налогам и сборам Респ. Беларусь от 06.08.2021 г. № 31) [Электронный ресурс] / АПС «Бизнес-Инфо». Режим доступа: <https://bii.by/tx.dl> // Дата доступа: 20.03.2022.

5. Инструкция о порядке применения типового плана счетов бухгалтерского учета, утв. постановлением М-ва финансов Респ. Беларусь 29.06.2011 г. № 50 (в ред. постановления М-ва финансов Респ. Беларусь от 13.12.2019 г. № 74) [Электронный ресурс] / АПС «Бизнес-Инфо». Режим доступа: <https://bii.by/tx.dl> // Дата доступа: 20.03.2022.

6. Налоговый аудит (продвинутый уровень): учебник / А. В. Петух, М. Ф. Сафонова, И. Н. Калинина, Д. С. Резниченко. – Краснодар: КубГАУ, 2018. – 208 с.

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ДЕНСАУЛЫҚ САҚТАУ МИНИСТРЛІГІНІҢ 2016-2019 ЖЫЛДАРЫ ЖҮЗЕГЕ АСЫРЫЛҒАН «ДЕНСАУЛЫҚ» МЕМЛЕКЕТТІК БАҒДАРЛАМАСЫН БАҒАЛАУ

Темірғали Балнұр Серікқызы

Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті Экономика факультетінің
магистрі, Нұр-Сұлтан, Қазақстан

Ғылыми жетекшісі – Бейсенова Л.З.

Аннотация. Мақала логикалық реттілікпен жазылған және үш құрылымдық бөлімшеден тұрады, көрнекілік ретінде кестелер, диаграммалар, салыстырулар келтірілген. Мақалада бюджеттік бағдарламалар теориялық тұрғыдан зерттеліп, анықтама берілді. Сонымен қатар, оның жаһандану жағдайындағы экономикадағы орны және мәні анықталды. Қазастандағы бюджеттік бағдарламалардың даму деңгейін сипаттайтын негізгі көрсеткіштер анықталып, олардың әлем елдеріндегі және еліміздегі жағдайы зерттелді. Мақала соңында бюджеттік бағдарламаларды дамыту бойынша ұсыныстар берілді.

Түйін сөздер: бюджеттік бағдарлама, денсаулық сақтау саласы, денсаулық сақтау жүйесі, көрсеткіш, қаржы, тиімділік.

Халықтың денсаулығы, өмір сүру сапасы мен деңгейінің көрсеткіштері мемлекеттің әлеуметтік, мәдени және экономикалық дамуының негізгі кілті болып табылады. Қазіргі таңда мемлекет экономикасының экономикалық және әлеуметтік салаларындағы денсаулық сақтаудың тұрақсыздығын жоюға бағытталған бюджеттік бағдарламаларды іске асыру қарқын алуда. Денсаулық сақтау саласындағы мәселелерді шешу үшін Қазақстан Республикасының 2016-2019 жылдарға арналған «Денсаулық» бюджеттік бағдарламасы әзірленді. «Денсаулық» бюджеттік бағдарламасын Денсаулық сақтау министрлігі әзірлеп,

елімізде 4 жыл бойы жүзеге асырылып келген еді. Бұл бюджеттік бағдарлама денсаулық сақтау жүйесіндегі өзекті мәселелерді шешу және денсаулық сақтау саласын дамыту мақсатында бірнеше бағытта жұмыс істеді.

Мақаланың мақсаты Қазақстан Республикасының денсаулық сақтау саласына зерттеу жүргізе отырып, Денсаулық сақтау министрлігінің бюджет қаражаты есебінен жүргізілетін бюджеттік бағдарламаларының жүзеге асырылуы бойынша олардың жұмысы мен қызметіне талдау жасау және баға беру арқылы орын алған кемшіліктерді жетілдіру жолдарын ұсыну. Гипотеза денсаулық сақтау секторының даму процестері мен осы секторды басқаратын мемлекеттік қызметті басқару органы арасындағы логикалық сәйкестікті болжайды. Негізгі әдістеме саланың дамуын сипаттайтын және жалпы даму үрдісіне әсер ету дәрежесін анықтайтын статистикалық көрсеткіштермен байланысты факторлық талдау болып табылады.

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев 2019 жылғы 27 тамызда өткен «Бюджеттік жоспарлау жөніндегі кеңесте» бюджет шығыстарының тиімділігін арттыру және бюджет кірістерін одан әрі арттыру бойынша жұмысты жалғастырудың маңыздылығын атап өтті[1]. Бюджеттік процеске бақылауды күшейтуге ерекше назар аудару қажет. Қазіргі таңда елімізде халықтың әлауқатын жақсарту мақсатында әр түрлі салалар бойынша бюджеттік бағдарламалар әзірлене отырып іске асуда. Бюджеттік бағдарламалар - дегеніміз әлеуметтік-экономикалық даму саласындағы мемлекеттің басым міндеттерін шешуге қол жеткізуді қамтамасыз ететін, Қазақстан Республикасының бюджетінде тікелей көрсетілген негізгі экономиканы реттеуші құрал болып табылады. Бюджеттік бағдарламалар стратегиялық жоспарлау құжаттары болып табылғандықтан, ең біріншіден экономикалық-әлеуметтік жағдайды дамытуды көздейді.

Денсаулық сақтау саласындағы бюджеттік бағдарламаларды арнайы әзірленген бағалау критерийлеріне сәйкес жүргізеді. Сол арқылы, бюджеттік бағдарламалардың орындалуы бойынша нәтиже көрсеткіштері, олардың тиімді жұмсалуды бойынша ақпараттарды ала аламыз[2]. Бюджеттік бағдарламалардың тиімділігін бағалау мемлекеттік бағдарламаның жүзеге асыру барысында түпкілікті мақсаттың орындалу деңгейі, бағдарлама барысында күтілетін индикаторлар мен нәтиже көрсеткіштерін анықтау, республикалық және жергілікті бюджеттің атқарылуының тиімділік пен сәйкестік принциптеріне байланысты орындалуы үшін қажет. Яғни, бюджеттік бағдарламаның негізгі мақсаты – белгілі бір критерийлер мен көрсеткіштерге сәйкес бюджеттік бағдарламаның соңғы нәтиже көрсеткіштеріне қол жеткізу деңгейін анықтау болып табылады. Оның негізгі міндеті - бюджеттік бағдарламаны әзірлеу кезіндегі сапасына, тиімділік бойынша бағалау жүргізуіне, жүзеге асырылған іс-шараның нәтижесіне сәйкес жалпы түпкілікті нәтиже көрсеткіштерінің тұтынушылардың қажеттілік деңгейіне байланысты сәйкес келуіне қарай жүзеге асады[3].

Қазақстан Республикасының денсаулық сақтау саласын дамытудың 2016-2019 жылдарға арналған «Денсаулық» мемлекеттік бағдарламасын бекітуге байланысты Қазақстан Республикасы Президентінің 2016 жылғы 15-ші

қаңтардағы №176-шы Жарлығына сәйкес жүзеге асты [4]. Бекітілген бюджеттік бағдарламаның жауапты органы болып Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрлігі танылды. «Денсаулық» мемлекеттік бағдарламасы 2016-2019 жылдар аралығын қамти отырып, басты мақсаты ретінде еліміздің орнықты дамуын қамтамасыз ету үшін халықтың денсаулығын нығайту, қоғамдық денсаулықты жақсарту бойынша жаңа саясатты енгізу және тиімділік пен қаржылық тұрақтылыққа бағытталған денсаулық сақтау жүйесін реформалау болды.

«Денсаулық» мемлекеттік бағдарламасы еліміздегі «Қазақстан – 2050 стратегиясына» сәйкес денсаулық сақтау саласын нығайту бойынша негіз болып табылады[5]. Сонымен қатар, 2 басты мақсатты көздеген бұл бағдарлама 2015 жылы аяқталу шегіне жеткен «Саламатты Қазақстан» мемлекеттік бағдарламасының сабақтасқан жалғасы болды. «Денсаулық» мемлекеттік бағдарламасын құру барысында қарт адамдар санының өсуі, жаңа технологияларды денсаулық жүйесіне енгізу қажеттілігі, инфекциялық аурулардың көбеюі сияқты әлемдік проблемалар негіз болды[6]. Осылайша, аталған бағдарлама аясында стратегиялық жоспар ағымдық кезеңдегі денсаулық сақтау жүйесіндегі өзекті мәселелерді шешу және денсаулық сақтау саласын дамыту мен жаңашылдық енгізу мақсатында бірнеше бағыт бойынша әзірленді:

1. Халық денсаулығын нығайту мақсатында денсаулық сақтауды дамыту;
2. МСАК дамыту және жаңғырту бойынша халық мұқтаждығы үшін денсаулық саласын модернизациялау;
3. Медициналық қызмет көрсетудің сапасын көтеру;
4. Дәрі-дәрмекпен қамтамасыз ету бойынша Ұлттық саясатты құрастыру;
5. Денсаулық сақтау саласын нығайту мақсатында ынтымақтастықты енгізу және оның қаржылық тұрақтылығын қамтамасыз ету;
6. Адами ресурстарды басқару бойынша басқару тиімділігін арттыру;
7. Заманауи инновациялар мен ақпараттық-коммуникациялық технологиялар негізінде денсаулық сақтау саласының инфрақұрылысын дамыту [7].

Қазақстан Республикасының денсаулық сақтау саласын дамытудың 2016-2019 жылдарға арналған «Денсаулық» мемлекеттік бағдарламасы стратегиялық жоспарға сәйкес 2019 жылы аяқталу шегіне жеткен мерзімде төмендегідей негізгі көрсеткіштерге қол жеткізуі көзделген еді:

- Өмір сүру ұзақтығы 73,13 жасқа дейін өсіру;
- Денсаулық индексі 0,815%;
- Медициналық көмек көрсетудің деңгейі 48% артуы тиіс.

«Қазақстан Республикасының денсаулық сақтау саласын дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасына» қарағанда Қазақстан Республикасының денсаулық сақтау саласын дамытудың 2016-2019 жылдарға арналған «Денсаулық» мемлекеттік бағдарламасына бастапқы жоспар бойынша бекітілген қаржы көлемі азырақ болды, дәлірек айтсақ 1 969 729 500

мың теңгені құраған (1 - кесте). Басты қаржыландыру көздері ретінде республикалық және жергілікті бюджеттің, әлеуметтік медициналық сақтандыру қорының активтері, ҚР-ның заңнамасымен тыйым салынбаған ақшалай қаражат сомасы жұмсалуды тиіс.

2016-2019 жылдар аралығында жүргізілген ҚР-ның Денсаулық министрлігіне жүктелген «Денсаулық» мемлекеттік бағдарламасы барысында жоспарланған 39 көрсеткіштің 34-іне қол жеткізіліп, 5-еуіне қол жеткізілмеген[8]. Оларды атап өтетін болсақ:

- Жасөспірімдердің арасындағы суицид деңгейін төмендету;
- Өлім-жітім деңгейінің көрсеткішін төмендету;
- Аналар өлімі;
- Жаңадан туылған сәбилер өлімі;
- МСАК бойынша ем алушылар саны сияқты 5 түрлі көрсеткіш деңгейлері орындалмаған.

1 - кесте

2016-2019 жылдарға арналған «Денсаулық» мемлекеттік бағдарламасына жоспарланған қаржыландыру көлемі

№	Жылдар	Республикалық бюджеттен қаржыландыру, млн. теңге	Жергілікті бюджеттен қаржыландыру көздері, млн. теңге	Басқа қаржыландыру көздері, млн. теңге	Барлығы, млн. теңге
1	2	3	4	5	6
1	2016	92 389,3	34 945,5	700,0	128 034,8
2	2017	69 309,9	19 035,9	319 735,0	408 080,9
3	2018	46 769,0	2 244,8	660 783,2	709 797,1
4	2019	46 701,7	2 259,1	674 856,0	723 816,8
Барлығы		255 169,9	58 485,4	1 656 074,2	1 969 729,5
Ескертпе: [2] мәліметтері негізінде автормен құрастырылған					

Ендігі кезекте, осы көрсеткіштер не себепті орындалмағандығының себептерін анықтап көрейік. 15-17 жастағы жасөспірімдердің арасындағы суицид жағдайларының көбеюі өте өкінішті жағдай. Қазақстан Республикасының статистикалық мәліметтеріне сүйенетін болсақ, 2018 жылы жасөспірімдер арасында өз-өзіне қол жұмсаудың 329 ситуациясы орын алып, оның 178-і қайғылы оқиғамен аяқталған. Бұл көрсеткіш 2017 жылмен салыстырғанда 6,6%-ға көбейіп отыр. Бюджеттік бағдарламаның бірінші бағытында көзделген осы көрсеткіш кезең соңында 14,6-ға теңесуі қажет еді, ал факті бойынша 2019 жылы көрсеткіш 15,9-ды құрады[9].

Келесі 2,3,4-ші пункттердің барлығы өлім-жітім статистикасымен байланысты. Яғни, жалпы өлім-жітім, аналар өлімі және нәресте өлімі коэффициенттері. Аталған индикаторлар жоспарланған коэффициентке

жетпегенімен, айтарлықтай өсу динамикасы байқалады [10]. Мысал ретінде қарастыратын болсақ, 2016 жылғы аналар өлімі көрсеткіші 15,4 болса, 2019 жылы 13,4-ке дейін төмендеген. Нысаналы индикаторларға қол жеткізбеу себептері, біріншіден денсаулықтың жалпы төмен деңгейі. Яғни, иммундық жүйенің осалдығы, әр түрлі ауру түрлеріне қарсы тұра алмауы. Екіншіден, қажетті дәрігер мамандардың аздығы, кадрдың жетіспеушілігі. Үшіншіден, медициналық құрылғылардың аздығы немесе тозуы. Және ең соңғы жүзеге аспаған индикатор - бұл медициналық-санитарлық алғашқы көмек беруші дәрігерге бекітілген ем алушылар санын азайту. Бірінші реттік стационарлық медициналық көмек мәселесі шынымен де өте өзекті тақырып. Себебі, науқас ауруханаға бару туралы шешім қабылдаса қай жерге және қандай дәрігерге жүгінуі қажет екендігінен хабарсыз болатын, тіпті дәрігердің қарапайым бірінші реттік қабылдауынан өту үшін бірнеше сағат кезекте тұрып уақытын жоғалтатын. Яғни, медицина саласындағы белгілі бір реттілік пен дұрыс басқарушылық жоқ болғандықтан, кезектер саны көбейіп, дәрігерлерге деген ауыртпашылық көп болды. Көрсеткіш жоспар бойынша орындалмағанымен, 1 дәрігерге келетін науқас санының әлдеқайда азайғанын байқай аламыз, бұл да жаман көрсеткіш емес.

2016 жылдың 16 қаңтар күні ҚР-ның Президенті Н.Ә.Назарбаевтың келісімімен қол қойылып, өз күшіне енгізілген қаулыға сәйкес 2016-2019 жылдар аралығында жүзеге асатын «Денсаулық» бюджеттік бағдарламасына жоспар бойынша қарастырылған ақша қаражат көлемі 1 969 729,5 млн. тенге болды[11]. Кейінірек жоспар бойынша бекітілген бюджет қаражатына өзгерістер енгізіліп, бюджет қайтадан бекітілді. Сонымен қатар, зерттеу барысында, жоспар бойынша тағайындалған ақша қаражаттарының барлығы жұмсалмағандығы анықталды.

Қазақстан Республикасының денсаулық сақтау саласын нығайту жолындағы 2016 және 2019 жылдарды қамтыған «Денсаулық» мемлекеттік бағдарламасын іске асыру аясында қабылданып жатқан шаралар негізгі медициналық-демографиялық көрсеткіштерді жоғарылатуға үлкен жол ашты десек болады. Сонымен бірге, еліміздегі денсаулық сақтау саласында құрылымдық өзгерістер орын алды:

- Қоғамдық денсаулық қызметі құрылды;
- Медициналық қызметтердің қолжетімділігін арттыру шаралары;
- Жедел медициналық жәрдем қызметін барлық өңірде орталықтандыру жұмысы;
- Кадрлық қамтамасыздандыру;
- Міндетті әлеуметтік сақтандыру енгізілді;
- Дәрілік қамтамасыз етуді реттеу;
- Инфрақұрылымды жаңғырту іс-шаралары.

Бүгінгі күнде еліміздегі медицина қызметкерлерінің жетіспеушілігі мен кәсіби біліктілігінің төмендігі өзекті қызу талқылау үстіндегі проблемаға айналды. 2016-2019 жыл аясында орындалған «Денсаулық» мемлекеттік бағдарламасының 6-шы бағыты кадрлық саясат пен ресурсты дамыту

мәселесіне бағытталып 32 іс-шара іске асырылған. Бағдарламаға сәйкес кәсіби дамыту шаралары жүзеге асқанымен, аналар өлімінің басым бөлігі акушерлердің қателігі немесе кадрлардың жетіспешулігінен болды. Квалификациялық категориясы бар дәрігерлер 46,5%, ал зейнеткерлік жасқа келген дәрігерлер 22,7%, оның көп бөлігі ауылдық жерлерге сәйкес [12]. Сонымен қатар, орта және жоғары деңгейдегі дәрігерлердің дисбалансы және денсаулық сақтау саласы мамандарының әлеуметтік қамсыздандырылу деңгейі нашар. Тиімділік деңгейінің төмен болуына себепші тағы бір фактор, кадрлық ресурсты жоспарлаудың дәртстүрлі әдісін қолдану. Дәртстүрлі әдіске байланысты еңбек нарығындағы кадрлық ресурсқа деген сұраныс пен ұсыныстарға көп көңіл бөлінбейді[13].

Қорытындылай келе, денсаулық сақтау саласы әрбір мемлекеттің экономикасы үшін өте маңызды, өйткені, азаматтарының дені сау мемлекет әлемдік экономикада да жоғары дәрежеде болады. Сол себепті, әрбір ел осы саланы дамытуға, халқының өмір сүру жағдайын көтеруге бюджетінен қаржы бөліп, оның дұрыс жұмсалуын бақылауда ұстайды. Ал соңғы жылдары елімізде болсын, бүкіл әлемде болсын, жосықсыз іс-әрекеттер саны көбейіп, үлкен проблемаларға айналғандықтан, ел президенті бюджеттің дұрыс игерілуін бақылауды қатаңдатуды бұйырған болатын. 2016-2019 жылдарға арналған ҚР-ның Денсаулық сақтау министрлігінің орындауына жүктелген «Денсаулық» атты мемлекеттік бағдарламасының қол жеткізген ең басты 3 нысанасын анық айта аламыз. Біріншісі, өмір сүру ұзақтығы көрсеткіші. Екіншіден, денсаулық индикаторы жоғарылады. Және үшіншіден, елдегі медициналық қызметті көрсету бойынша сапаға деген қанағаттанушылық пайда болып, орнықты. Аталған көрсеткіштердің үшеуіде мемлекеттік бағдарлманың ең маңызды, көзделген индикаторлары болып, жоспардан да жоғары нәтиже көрсете алды.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1 2019 жылдың 27 тамызында өткен «Бюджеттік жоспарлау мәселелері жөнінде» кеңесі// [Электрондық ресурс] URL: <https://qazaqstan.tv/news/115660/>

2 «Бюджетті атқару кезінде бюджеттік бағдарламалардың іске асырылуын бағалау әдістемесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2010 жылғы 15 маусымдағы №287 бұйрығы // [Электрондық ресурс] URL: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/A10E0002516/links>

3 «Денсаулық сақтау саласындағы көрсеткіштерді қалыптастыру (есептеу) әдістемесін бекіту» туралы Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2020 жылғы 30 қарашадағы № ҚР ДСМ – 212/2020 бұйрығы // [Электрондық ресурс] URL: https://online.zakon.kz/Document/?doc_id=36201315

4 Қазақстан Республикасының денсаулық сақтау саласын дамытудың 2016-2019 жылдарға арналған «Денсаулық» мемлекеттік бағдарламасын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Президентінің 2016 жылғы 15-ші қаңтардағы

№176-шы Жарлығы // [Электрондық ресурс] URL:
https://online.zakon.kz/m/document/?doc_id=35433839

5 «Қазақстан – 2050» Стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты атты Қазақстан Республикасы Президенті – елбасы Н.Ә.Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы, Астана қ., 2012 жылғы 14 желтоқсан // [Электрондық ресурс] URL:
https://online.zakon.kz/m/document/?doc_id=31305671

6 Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 29 қаңтардағы №41 қаулысына сәйкес Қазақстан Республикасының денсаулық сақтау саласын дамытудың «Саламатты Қазақстан» мемлекеттік бағдарламасын іске асыру жөніндегі бекіту туралы // [Электрондық ресурс] URL:
<https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P1200001078/links>

7 Қазақстан Республикасының денсаулық сақтау саласын дамытудың 2016-2019 жылдарға арналған «Денсаулық» мемлекеттік бағдарламасының қорытынды есебі // [Электрондық ресурс] URL:
<https://www.gov.kz/memleket/entities/dsm?lang=ru>

8 Қазақстан Республикасының денсаулық сақтау саласын дамытудың 2016-2019 жылдарға арналған «Денсаулық» мемлекеттік бағдарламасының қорытынды есебі // [Электрондық ресурс] URL:
<https://www.gov.kz/memleket/entities/dsm?lang=ru>

9 Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі Ұлттық статистика бюросы есебі // [Электрондық ресурс] URL:
<https://stat.gov.kz/>

10 Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің 2019 жылға арналған бюджетінің атқарылу қорытындылары туралы есебі // [Электрондық ресурс] URL: <https://www.gov.kz/memleket/entities/dsm?lang=ru>

11 Қазақстан Республикасының денсаулық сақтау саласын дамытудың 2016-2019 жылдарға арналған «Денсаулық» мемлекеттік бағдарламасының қорытынды есебі // [Электрондық ресурс] URL:
<https://www.gov.kz/memleket/entities/dsm?lang=ru>

12 Концепция развития кадровых ресурсов здравоохранения на 2012-2020 годы // [Электрондық ресурс] URL: <https://www.zakon.kz/4485575-koncepcija-razvitija-kadrovykh-resursov.html>

13 Здоровье населения РК и деятельность организаций здравоохранения в 2015 году // Статистический сборник МЗСР РК. –2016. – 358 б.

АРНАЙЫ ЭКОНОМИКАЛЫҚ АЙМАҚТАР ҚЫЗМЕТІ ТИІМДІЛІГІНІҢ МЕМЛЕКЕТТІК АУДИТІ

Туякова К.Б.

«Мемлекеттік аудит» ББ 1 курс магистранты

Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Нұр-Сұлтан қ.,

Қазақстан Республикасы

E-mail: tuyakova.kamilla@mail.ru